

## Павлодар облысы Екібастұз қаласының әкімшілік-аумақтық құрылысындағы өзгерістер туралы

Павлодар облыстық маслихаты мен әкімиятының 2008 жылғы 20 маусымдағы N 108/6, N 2 шешімі мен қаулысы. Павлодар облысының әділет депртаментінде 2008 жылғы 20 маусымда N 3114 тіркелді.

Қазақстан Республикасының "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару туралы" Заңының 6-бабы 1-тармағының 4) тармақшасына, "Қазақстан Республикасының әкімшілік-аумақтық құрылысы туралы" Заңы 11-бабының 3, 4) тармақшаларына, Екібастұз қалалық мәслихатының және Екібастұз қаласы әкімдігінің 2008 жылғы 27 мамырдағы (IV сайланған VII сессиясы) «Екібастұз өңірінің әкімшілік-аумақтық құрылысындағы кейбір өзгерістер туралы N 85/7 бірлескен шешіміне сәйкес, Екібастұз аймағы тұрғындарының пікірлерін есепке алып, Павлодар облысының әкімдігі ҚАУЛЫ ЕТЕДІ және облыстық мәслихат ШЕШІМ ЕТЕДІ :

1. Екібастұз қаласының әкімшілік-аумақтық құрылысына мынадай өзгерістер енгізілсін :

"Қоянды", «"Теміртас", «"Құрылысшы" елді мекендері ауыл санаттарына жатқызылсын және осы ауылдардың шекарасында Қоянды ауылын орталық етіп, Қоянды ауылдық округі құрылсын.

2. Осы шешім ресми жарияланғаннан кейін он күнтізбелік күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

3. Осы шешімнің орындалуын бақылау облыстық мәслихаттың азаматтардың құқығы мен заңды мүдделерін қамтамасыз ету мәселелері жөніндегі тұрақты комиссиясына жүктелсін.

*Облыс әкімі*

*Қ. Нұрпейісов*

*Сессия төрағасы*

*А. Бабенко*

*Облыстық мәслихаттың хатшысы*

*Р. Гафуров*